

«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының
«Облыстық фтизиопульмонология орталығы» шаруашылық жүргізу
құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының
ЖАРҒЫСЫ

1. Жалпы ереже

1. «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық фтизиопульмонология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық - құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын «Облыстық коммуналдық заңды тұлғалардың кейбір мәселелері туралы» Қызылорда облысының әкімдігінің 2019 жылғы 12 тамыздағы № 31 қаулысына сәйкес қайта аталды.

3. «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қызылорда облысының әкімдігі (бұдан әрі - жергілікті атқарушы орган) атынан Кәсіпорынның құрылтайшысы ретінде әрекет етеді.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, облыстық коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы орган) болып табылады.


5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

6. Кәсіпорынның атауы:

- мемлекеттік тілде - «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық фтизиопульмонология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны;

- орыс тілінде - коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Областной центр фтизиопульмонологии» управления здравоохранения Кызылординской области».

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, индексі 120009, Қызылорда қаласы, Қаратоғай көшесі, № 100.

  А.С.

2. Мемлекеттік кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

9. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің мәні денсаулық сақтау саласында өндірістік-шаруашылық қызметін жүзеге асыру болып табылады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты облыс тұрғындарына мамандандырылған стационарлық және амбулаториялық - емханалық көмек көрсету болып табылады.

14. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) шұғыл медициналық көмек кезінде науқастарды медицина қызметкерлерінің алып жүруі;

2) ересек тұрғындарға және балалар мен жасөспірімдерге мына мамандықтар бойынша консультативтік-диагностикалық және стационарлық медициналық көмек көрсету және ұйымдастыру;

2.1) фтизиатрия (ересектер және балалар);

2.2) физиотерапия (ересектер және балалар);

2.3) анестезиология-реаниматология;

2.4) хирургия (торакальды, абдоминалды);

2.5) гинекология (аборттан басқа, тек қаралуда жатқан науқастарға);

2.6) урология;

2.7) стоматология (терапевтік, хирургиялық, тек қаралуда жатқан науқастарға);


2.8) неврологиялық;

2.9) нефрологиялық;

2.10) эндокринологиялық;

2.11) психологиялық (тек қаралуда жатқан науқастарға);

2.12) психиатриялық;



- 2.13) офтольмологиялық;
- 2.14) остеологиялық;
- 2.15) диетологиялық;
- 2.16) эксперттік;
- 2.17) кардиологиялық;
- 2.18) емдік плазмозферез;
- 2.19) трансфузиология;
- 2.20) емнен бас тартып жүрген туберкулездің микробактерияларын бөлетін науқастарды мәжбүрлеп емдеу;
- 2.21) созылмалы науқастарды паллиативті (симптоматикалық) емдеу;
- 2.22) дәріхана (дәрі-дәрмектерді жасау, фармацевтикалық қызмет, прекурсорларды, психотропты заттар, есірткі құралдары айналымы саласындағы қызмет (құрылымдық бөлімшелер бойынша тарату, пайдалану, жою, тарату, сатып алу және сақтау), жұмылдыру резервіндегі дәрілік заттарды жаңарту;
- 3) диагностика түрлерін жүргізу және ұйымдастыру:
 - 3.1) зертханалық (жалпы клиникалық, биохимиялық, бактериологиялық зерттеулер, иммуноферменттік анализ (ИФА), полимеразды тізбекті реакция (ПЦР): G-xpert. Naup- тест;
 - 3.2) рентгенологиялық;
 - 3.3) эндоскопиялық (фибробронхоскопия, фиброгастроскопия, тарокоскопия);
 - 3.4) ультрадыбыстық;
 - 3.5) электрокардиографиялық;
 - 3.6) спирографиялық;
 - 3.7) аудиометриялық;
- 4) медициналық реабилитология:
 - 4.1) физиотерапия;
 - 4.2) массаж (тек қаралуда жатқан науқастарға);
 - 4.3) емдік дене шынықтыру;
- 5) педагогикалық және тәрбиелік жұмысы:
 - 5.1) тәрбиеші (балаларды 1-11 класқа дейін оқыту);
 - 5.2) дәрігерлер мен орта буын медицина қызметкерлерін туберкулезге қарсы күрес бағдарламасы негізіне оқыту;
- 6) облыс халқының денсаулығын қорғауға бағытталған Республикалық және өңірлік медициналық - әлеуметтік мақсаттағы бағдарламаларды іске асыруға қатысу;
- 7) салауатты өмір салтын насихаттау, адам денсаулығын нығайту және аурулардың алдын - алу мақсатында іс-шаралар жүргізу және ұйымдастыру;
- 8) қазіргі заманғы озық медициналық және медициналық емес құрал - жабдықтарды, құрылғыларды сатып алу және мамандарды шетелдерде оқыту үшін шетелдік, жергілікті және халықаралық қайырымдылық қорларының инвестициясын тарту;

9) медициналық эксперттік сараптамалық қызмет: еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптамасы, бозбала денсаулығы жағдайының сараптамасы (әскери-медициналық);

10) аурухананы алмастыратын көмек (күндізгі аурухана, үй жағдайындағы аурухана, мобильді топ);

11) барлық қалалық және аудандық емдеу-профилактикалық мекемелерінде мониторингтар жүргізу;

12) ауруханаішілік инфекциялық бақылауды қадағалау, салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында халықтың және науқастың санитарлық сауаттылығын арттыру, эпидемиология.

15. Кез-келген қызмет көрсетуге лицензия керек болған жағдайда, бұл қызметтер лицензия алғаннан кейін көрсетіледі.

16. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ, мәмілелерді жасауға құқылы емес.

17. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының (директорының) жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, облыстық коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органның не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Кәсіпорынды басқару

18. Жергілікті атқарушы орган:

1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, облыстық коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға өкілеттік береді.

19. Кәсіпорын мен жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, облыстық коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органның, Кәсіпорын мен тиісті саланың уәкілетті органы арасында қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

20. Тиісті саланың уәкілетті органы:

1) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметінің басым бағыттарын және міндетті жұмыс (қызметтер) көлемін анықтайды;

2) Кәсіпорындардың даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

4) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, облыстық коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға Кәсіпорынға мүлікті бекітіп беру жөнінде ұсыныс береді;

5) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, облыстық коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктерін құруға ұсыныс береді;

6) Кәсіпорынның мүлкін пайдалануға және сақтауға бақылауды қамтамасыз етеді;

7) Кәсіпорын мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

8) Осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

21. Кәсіпорынның басшысы (директоры) оның органы болып, сондай-ақ Жарғының 5-тарауда көзделген жағдайларда байқау кеңесі болып табылады.

22. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынның басшысымен (директорымен) еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

23. Басшы (Директор) дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Заңнамамен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді, егер Заңнамалық актілерімен және осы жарғымен өзгеше белгіленбесе.

24. Басшы (Директор):

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады.


8) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін тиісті саланың уәкілетті органына кандидатуралар ұсынады;

9) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

10) жеке жауаптылықта болады:

қаржы - шаруашылық қызметіне және Кәсіпорын мүлкінің сақталуы үшін;

таза табыстың белгіленген бөлігін уақтылы бюджетке аудармағаны үшін;



11) оған Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

25. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару бойынша барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.

5. Байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорынды басқарудың ерекшеліктері

26. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің мынадай өкілеттіктері бар:

1) тиісті саланың уәкілетті органына шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның даму жоспарының жобасы бойынша, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қорытынды береді;

2) даму жоспарының орындалуы туралы есептің жобасын келіседі, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекітеді;


3) демеушілік, қайырымдылық көмектер мен қосымша көздерден алынған қаражатты, оның ішінде шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның иелігінде қалған таза табыстың бір бөлігін бөлу туралы шешім қабылдайды;

4) бюджет қаражаты мен қосымша көздерден алынған қаражаттың нысаналы пайдаланылуын бақылау үшін шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады және көрсетілген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын тексеруді жүзеге асыру үшін тиісті саланың уәкілетті органына ұсыныстар енгізеді;

5) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның басшысын (директорын) тағайындау және онымен еңбек шартын бұзу мәселелері бойынша тиісті саланың уәкілетті органының ұсыныстарын келіседі;

6) ұжымдық шартты әзірлеуге қатысады және қосымша қаржы көздерінен, даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде кәсіпорын қызметкерлерінің, басшысының (директорының), оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық жалақыларына үстемеақы белгілеу, сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету бөлігінде шешімдер қабылдайды;

7) байқау кеңесінің хатшысын тағайындайды, оның өкілеттік мерзімін және жалақысының мөлшерін айқындайды, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;



8) тиісті саланың уәкілетті органына Кәсіпорынның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

9) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстар тұжырымдайды;

10) тиісті саланың уәкілетті органына шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы ұсыныстар енгізеді;

11) тиісті саланың уәкілетті органына Кәсіпорынның филиалдарын, өкілдіктерін құру және жабу туралы ұсыныстар енгізеді.

27. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің отырыстары қажет болуына қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

28. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысын оның төрағасы өз бастамасы бойынша, тиісті саланың уәкілетті органының, байқау кеңесі мүшесінің немесе шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорын басшысының (директорының) талап етуі бойынша шақыруы мүмкін.

29. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысы, егер шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің барлық мүшелері оның өтетін уақыты мен орны туралы хабардар етілсе және отырысқа шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, заңды болып табылады. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшесінің өз дауысын байқау кеңесінің басқа мүшесіне немесе өзге жеке тұлғаға (сенімхат бойынша) беруіне жол берілмейді.

30. Байқау кеңесінің әрбір мүшесі дауыс беру кезінде бір дауысқа ие болады. Дауыстар тең болған жағдайда шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі төрағасының дауысы шешуші дауыс болып табылады.

31. Байқау кеңесінің шешімдері жазбаша нысанда ресімделеді және оларға байқау кеңесінің барлық мүшелері қол қояды.

6. Кәсіпорынның мүлкі

32. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

33. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

34. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктің;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

35. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

36. Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

37. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

38. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

39. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

40. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 144-бабында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

41. Кәсіпорын жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, облыстық коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органның жазбаша келісімімен тиісті саланың уәкілетті органның ұсынымы бойынша мыналарға:

- 1) филиалдар, өкілдіктер құруға;
- 2) оған тиесілі акционерлік қоғамдардың акцияларына, сондай-ақ дебиторлық берешегіне билік етуге;
- 3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге;
- 4) қарыздар беруге құқылы.

42. Кәсіпорын оған шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

43. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі немесе меншік иесі өзгеше белгіленбесе, осы Жарғының 41 және 42-тармақтарында көрсетілген мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын дербес пайдаланады.

7. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

44. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

45. Кәсіпорын таза табысының бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

46. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді дербес жүзеге асырады.

47. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның жарғысында көзделмеген, қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

8. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

48. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері 822 339 037 (сегіз жүз жиырма екі мың үш жүз отыз тоғыз мың отыз жеті) теңгені құрайды.

Жарғылық капиталды меншік иесі құрылтайшы Кәсіпорынның мемлекеттік тіркелуі кезіне толық қалыптастыруы тиіс.

9. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

49. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша халықаралық стандарттарына сәйкес Кәсіпорынның басшысы (директоры) бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

50. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

51. Байқау кеңесімен Кәсіпорын байқау кеңесінің, басшының (директорының), тиісті саланың уәкілетті органының бастамасы бойынша Кәсіпорын қаражаты есебінен қаржылық есеп беру аудитін жүргізеді.



10. Кәсіпорынның жауапкершілігі

52. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді және мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

53. Мемлекет құрылтайшының, тиісті саланың уәкілетті органының іс-әрекеттерінен туындаған банкроттық жағдай болса. Бұл жағдайларда мемлекет Кәсіпорынның қаражаты кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша жауап береді.

11. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

54. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

55. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес айқындайды.

56. Кәсіпорын басшысының (директорының), оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

12. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

57. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

58. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

13. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

59. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүргізіледі.

60. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

61. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, облыстық коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы орган қайта бөледі.




62. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде ынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

14. Кәсіпорынның құрылымдық бөлімдері туралы мәліметтер

63. Кәсіпорынның мынадай құрылымдық бөлімдері бар:

1) «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық тизисопульмонология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының туберкулез науқастарына специализіттік емдеуге арналған Қармақшы бөлімшесі.

Мекен-жайы: Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Самара-Шымкент шоссесі, № 2Т.


2) «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық тизисопульмонология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының мәжбүрлеп емдеу және жүйке аурулары бар туберкулез науқастарына арналған Сырдария бөлімшесі.

Мекен-жайы: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, И. Токтыбаев көшесі, № 11Б.

15. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

64. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды жергілікті атқарушы орган енгізеді немесе оған жергілікті бюджеттен қаржыландыратын, облыстық коммуналдық мүлкіне билік етуге уәкілетті атқарушы органға өкілеттік беріледі.

Директор



Әбләзім Әбдіғабит Әбләзімұлы



Тігілген, нөмірленген 11 парақта
Қызылорда облысының денсаулық
сақтау басқармағы

